

Ақсуат ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 03 қарашадағы № 105 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қарашада № 3555 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес, 2014 жылғы 3 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып Ақсуат ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат ауылындағы атауы жоқ көшеге – «Тілеген Қинаубайұлы» атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсуат ауылдық округі әкімінің орынбасары С.Қасеновке жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсуат ауылдық округінің әкімі

Ғ.Нұғиев